

## «Апта+» тарифтік жоспардың шарттары

Атауы	«Апта+»		
Қызмет	450 тг апта сайынғы абоненттік төлем алынғанда, 7 күн*		Абоненттік төлем алынбағанда
	Бонустық көлем, 7 күн**	Бонустық көлемнен асқанда	
Activ/Kcell желісі ішіндегі шығыс байланысы (дауыстық және бейнеқоңыраулар), минутына	0		14
ҚР басқа ұялы операторларына шығыс байланысы, минутына	0 теңгеден 15 минут	14	14
Мобильді интернет, 1 МВ-на	0 теңгеден 2GB	14	қолжетімсіз/ 14тг/МВ***
Activ/Kcell желісі ішіндегі SMS, бір хабарламаға	0 теңгеден 20 SMS	7	7
Абоненттік төлемнің алынуына байланысты емес қызметтер көлемі			
ҚР бойынша қалалық нөмірлерге шығыс байланысы, минутына	18		
Activ/Kcell желісі ішіндегі MMS, 1 хабарламаға	7		
ҚР бойынша басқа желілерге SMS, 1 хабарламаға	14		
Өрқашан байланыста	0		
Роуминг****	Қызметті пайдалану күнінде әрекет ететін және абоненттің барған елі мен абонент таңдаған операторға сәйкес компания тарифтері бойынша		

\* Тарифтік жоспарға қосылғанда, абоненттік төлем абонент теңгерімінен толық мөлшерде, содан соң әр 7 күн сайын Астана уақыты бойынша сағат 00:00-ден 02:00-ге дейін жеткілікті оң теңгерім болғанда алынады. Егер абоненттік төлем теңгерімде қаражаттың жеткіліксіз болуы себебінен сағат 00:00-ден 02:00-ге дейін алынбаса, онда теңгерім 02:00-ден кейін жеткілікті сомаға толтырылғанда, абоненттік төлем толық көлемде алынады және тарифтік жоспар бойынша қызметтер келесі белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін ағымдағы тарифтеу кезеңінде пайдалану үшін тарифтік жоспар талаптарына сәйкес көлемде ұсынылады. Келесі абоненттік төлемдер әр 7 күн сайын алынып отырады.

\*\* Қызметтердің бонустық көлемі абоненттік төлем табысты алынған жағдайда ғана беріледі. Минуттар, СМС, МВ келесі белгіленген абоненттік төлем алынғанға дейін, үйлесімділік талаптарына сәйкес жарамды болады. Қызметтердің бонустық көлемі роумингте қолданылмайды, тарифтік жоспар өшірілген кезде жойылады. 0 теңгеден бонустық көлем тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлемнің құнына енгізілген.

Бонустық көлемнен асқан кездегі тариф абонент тарифтік жоспар бойынша қамтылған бонустық қызметтер көлемі таусылған соң қосымша көлем үшін теңгерімнен тарифтеуге өз келісімін растаған жағдайда ғана қолданылады. Бұл келісім сондай-ақ тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбаған кезде интернетті теңгерімнен тарифтеуге қатысты да қолданылады.

*\*\*\* Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбағанда, тарифтік жоспар бойынша мобильді интернет қызметінің әр мегабайтын тарифтеу абонент интернетті теңгерімнен тарифтеуге өз келісімін бермеген жағдайда қолжетімді болмайды. Мобильді интернет қызметін пайдалану қажет болған жағдайда, абонентке абоненттік төлемді алу үшін теңгерімін толықтырып, қосымша интернет-қызметті немесе интернет-топтаманы қосу немесе интернетті теңгерімнен тарифтеуге келісімін беру қажет.*

\*\*\*\* Қызмет ҚР аумағынан және Компанияның қамту аймағынан тыс жерлерде қолжетімді болады. Қажет болған жағдайда, абонент 3330 нөміріне NET сөзімен SMS жолдау арқылы Роуминг қызметін өшіре алады. Қайта қосу қажет болған жағдайда, 3330 нөміріне DA сөзімен SMS жолдау қажет. Қызметті ҚР аумағында – Компанияның қамту аймағында өшіріп, қайта қосуға болады.

Барлық тарифтер теңгемен, ҚҚС есепке ала отырып көрсетілген және Қазақстан Республикасы аумағында Компанияның қамту аймағында ғана жарамды. Шығыс қоңырауларын тарифтеу адымы – 1 сек. Интернет қызметтерді тарифтеу адымы – 1 КБ. Дауыстық шығыс қоңырауының ұзақтығы – 30 минутқа дейін.

Конференция қызметіне тарифтік жоспарларда қолжетімділік жоқ.

Тарифтік жоспарлардың абоненттері ҚР басқа ұялы операторларының абоненттеріне бір MMS хабарлама жолдау құны – 15 теңге, халықаралық бағыттарға MMS жолдау – 1 хабарламаға 30 теңге тарифтері бойынша MMS қызметін іске қосқан жағдайда ғана қосымша MMS портал қызметін пайдалана алады.

Бонустық трафик қалдығын \*111\*3# USSD-тіркесін теру арқылы тексеруге болады. Абонент өз бонустық трафиінің жұмсалуды өздігінен қадағалап, оның берілуін өздігінен тексереді.

Тарифтік жоспар бойынша белсенді интернет-сессия кезінде берілген бонустық интернет-трафик жарамды болмайды. Мұндай жағдайларда ағымдағы сессияны жауып (құрылғыда мобильді деректердің берілуін өшіріп-қосып), трафик берілгеннен кейін интернетті қайта пайдалана бастауға кеңес беріледі. Тарифтік жоспар бойынша бонустық интернет-трафик абоненттік құрылғыда internet қолжетімділік нүктесі бапталған жағдайда ғана жарамды.

Тарифтік жоспар бойынша интернет-трафик қалдығы 20 МБ асатын болса, 2G/3G желілерінде бірінші ашылған интернет сессия аясында немесе құрылғыны 4G желісінде тіркеген кезде 20 МБ мөлшеріндегі интернет-трафик резервтеледі. Интернет-трафик қалдығы 20 МБ кем болса, 4 МБ мөлшеріндегі интернет-трафик көлемі резервтеледі. Интернет-трафик қалдығы 4 МБ кем немесе толығымен жоқ болса, абонент қолданатын тариф бойынша мобильді интернетке 4 МБ құны мөлшеріндегі теңгерім резервтеледі. Бірнеше интернет-сервис пайдаланылатын жағдайда, интернет-трафикті немесе теңгерімді резервтеу әрбір пайдаланылатын сервис аясында жүзеге асырылуы мүмкін.

Кестелерде көрсетілмеген және абонент пайдаланатын қызметтер осындай қызметтерді пайдалану кезінде қолданылатын тарифтер бойынша тарифтеледі.

1. «Апта+» тарифтік жоспарына тек тарифтік жоспар алдын ала орнатылған бастапқы топтаманы сатып алып, сим-картаны қосу арқылы қосылуға болады

Тарифтік жоспарларды қосу мезетінде абонент теңгерімінде абоненттік төлемді төлеуге қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, тарифтік жоспар қосылады, бұл ретте қызметтерді тарифтеу тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбағандағыдай тарифтер бойынша жүргізіледі.

## 2. Тарифтік жоспарлар бойынша үйлесімділік талаптары:

«Жылдық интернет+» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ интернет-трафик жұмсалады. «Жылдық интернет+» қызметі бойынша, сондай-ақ тарифтік жоспар бойынша интернет-трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу, қайсысының бұрынырақ басталатындығына қарай, қызмет бойынша трафиктің келесі берілуіне дейін немесе тарифтік жоспар бойынша трафиктің келесі берілуіне дейін «Жылдық интернет+» қызметінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Абонентте «Жылдық интернет», «Жартыжылдық интернет» немесе «Тоқсандық интернет» қосымша интернет-қызметі қосылған болса, қызметтер бойынша трафик беріледі және қызмет талаптарына сәйкес жұмсалады, тарифтік жоспар бойынша трафик қолжетімді болмайды және тек «Жылдық интернет», «Жартыжылдық интернет» немесе «Тоқсандық интернет» қызметі өшірілгенде қолжетімді болады.

«Мобильді интернет плюс» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, осы қызмет бойынша абоненттік төлем қызметтің стандартты талаптарында алынады, трафик «Мобильді интернет плюс» қызметінің талаптарына сәйкес беріледі, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ интернет-трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу тарифтік жоспар бойынша кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін «Мобильді интернет плюс» қызметінде белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

«Интернет+» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, қызмет бойынша абоненттік төлем қызметтің стандартты талаптарында алынады, трафик қызмет талаптарына сәйкес беріледі, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін «Интернет+» қызметінде белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

«Бонустық интернет» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, қызмет бойынша абоненттік төлем қызметтің стандартты талаптарында алынады, трафик қызмет талаптарына сәйкес беріледі, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін тарифтік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Онлайн» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін тарифтік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мобильді интернетті пайдалану бойынша әрекет ету мерзімі шектеулі өзге де қызметтерді, желі ішінде немесе ҚР басқа ұялы операторларына шығу байланысын және/немесе желі ішіндегі SMS бір мезгілде қосқан жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады.

Осы үйлесімділік талаптарын компания өзгерте немесе толықтыра алады.

3. Тарифтік жоспарлардың әрекеті тоқтатылғанда, абоненттерге қызмет көрсету абонент тарифтік жоспарға қосылғанға дейін қолданған тарифтік жоспарда, ал ондай тарифтік жоспар болмаса – ҚР қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмеген болса, бұл туралы абонентті хабардар ете отырып, абоненттік төлемсіз басқа қолжетімді тарифтік жоспар талаптарында жалғасады.

4. **«150 теңгеге activ/Kcell желісі ішіндегі 30 SMS» қосымша топтамасы қолжетімді.**

5. **«390 теңгеге ҚР басқа ұялы операторларына 60 минут» қосымша топтамасы қолжетімді.**

**6. «Мобильді интернет топтамалары» қосымша топтамалары:**

Топтама түрі	Қосу құны, теңге, ҚҚС-пен	Қосуға арналған USSD-пәрмен
1 ГБ	450	*888*3*1*1#
2 ГБ	650	*888*3*1*2#

Топтама тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем табысты алынған жағдайда ғана қосу үшін қолжетімді.

Топтама бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу абонент қолданатын тарифтік жоспарға және/немесе қосымша интернет-қызметтерге, тарифтік жоспар бойынша үйлесімділік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Топтамалардың әрекет ету кезеңі – қосылған мезеттен бастап 30 күн (Астана уақыты бойынша 30-шы күнгі 23:59-ға дейін). Бір уақытта топтамалардың кез келген санын қосуға болады, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ топтама бойынша көлем жұмсалады. Тарифтік жоспар мен топтама бойынша интернет-трафик болған жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады.

Қосу құны топтаманы қосқан кезде толық мөлшерде алынады. Теңгерімде қосу құнын алу үшін ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, топтама қосылмайды.

Топтама бойынша берілген, бірақ пайдаланылмаған интернет-трафик мына жағдайларда жойылады:

- топтаманың әрекет ету мерзімі өткенде;
- байланыс қызметтерін көрсету шарты бұзылғанда.

Тарифтік жоспарды ауыстырғанда, топтама бойынша жұмсалмаған трафикті абонент оның әрекет ету мерзімі шегінде пайдалана алады. Тарифтік жоспарды басқа тарифтік жоспарға ауыстырғаннан кейін жаңа топтамаларды қосу мүмкін болмайды.

Топтамалардың үйлесімділік талаптары:

Топтама жылдамдығы төмендей отырып, интернет-трафиктің шектеусіз көлемі ұсынылатын «Жылдық/Жартыжылдық/Тоқсандық интернет» интернет-қызметтерімен және басқа да қызметтермен бір мезгілде қосыла алмайды. Бұл ретте топтама бойынша трафик жоғарыда аталған интернет-қызметтерді қосқанға дейін берілсе, бұл трафик қызметтерді өшіргенге дейін қолжетімді болмайды.

Топтама «Жылдық интернет+», «Онлайн», «Мобильді интернет плюс», «Интернет+», «Бонустық интернет» қосымша интернет-қызметтерімен бір мезгілде қосыла алады. Бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Топтама бойынша да, қосымша интернет-қызмет бойынша да интернет-трафик таусылғанда, мобильді интернетті тарифтеу қосымша интернет-қызметтердің абонент қолданатын тарифтік жоспармен үйлесімділік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Абонент топтама бойынша трафик берілген тарифтік жоспарларды интернет-трафик берілетін басқа тарифтік жоспарға ауыстырғанда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ интернет-трафик жұмсалады.